



ЖОБАЛЫҚ КЕҢСЕ ҚЫЗМЕТІМЕН ТАНЫСТЫ

ЕХРО қалашығында орналасқан Жобалық кеңсе елімізде қолға алынған реформалар мен стратегиялық бастамаларды жүзеге асыру ісіне үлес қосуды көздейді.

Жоғары билік органы жанындағы мұндай құрылымдар әлемнің бірқатар елінде бар. Мәселен, Ұлыбританияда Премьер-Министрдің жобалық кеңсесі (Prime Minister's Delivery Unit), Малайзияда PE-MANDU, Біріккен Араб Әмірліктерінде Акселерация кеңсесі қызмет көрсетеді.

Жобалық кеңсе Мемлекет басшысының Жолдаулары мен Қазақстанның ұлттық даму жоспарындағы басым бағыттарды сапалы жүзеге асыруға арналған шешімдер әзірлеумен айналысады.

Президентке фискалдык орнықтылықты арттыруға арналған платформалық шешімдер енгізу, Маңғыстау облысын өркендету, адами капиталды қалыптастыру және дамыту секілді стратегиялық маңызды жобалардың жүзеге асырылу барысы баяндалды.

Бұдан бөлек, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі көлік-логистика, денсаулық сақтау, білім беру және ағарту ісі, энергетика, су, өнеркәсіп және құрылыс, цифрлық, инновациялық әрі өндіріс даму секілді бағыттармен шұғылданатын ведомствоаралық командаларды



жасақтады. Бұл нақты саладағы белгілі бір міндетке баса назар аударып, анағұрлым жылдам әрі сапалы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жобалармен танысқан Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында ай-

тарлықтай жетістікке жету үшін Үкімет мүшелері батыл шешім қабылдауы керек екенін атап өтті.

— Алдымызда тұрған мақсаттар өте маңызды. Ең бастысы Мемлекет басшысы берген тапсырмалардың орындалу барысын мұқият бақылауда

ұстау қажет. Бұл орталықтың негізгі мақсаты — реформалардың тиімділігін арттыру. Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Дархан Сатыбалды осы жұмысты қадағалайды. Министрлер де, әкімдер де батыл шешім қабылдауға дайын болуға тиіс. Мен осыған дейін Үкіметтің алдына нақты міндет қойдым. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты мәселелер бойынша барынша дербес шешім қабылдануға тиіс. Нақты нәтижелерді талап етемін, — деді Мемлекет басшысы.

Президент министрлер мен басшыларды бірқатар міндеттерді назарда ұстауға шақырды.

— Біз қазір ірі инфрақұрылымдық жобаларға, цифрландыруға, жасанды интеллект пен ядролық энергетикаға баса мән беріп жатырмыз. Себебі мұның бәрі — мемлекетіміздің негізгі стратегиялық даму бағыттары. Үкімет осы маңызды мәселелерді жұмыс барысында міндетті түрде ескеруге тиіс, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев атом энергетикасын дамыту перспективасына да тоқталды.

— Атом электр станциясының құрылысын жеделдету керек. Мен Ana tili газетіне берген сұхбатымда екі үлкен станция салатынымызды айттым. Олардың саны тіпті үшеу болуы да мүмкін. Қазақстанда ядролық энергетикасы дамыған, жасанды интеллект қолданылатын, цифрландыру толық көлемде жүргізілген елге айналдырумыз керек, — деді Мемлекет басшысы.



НАҚТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Дархан Сатыбалдыны қабылдады.

Президент кездесу барысында Дархан Сатыбалдының Түркістан облысында атқарған жұмысына жоғары баға берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары лауазымы басқару процесі мен аймақтар арасындағы ықпалдастықты жетілдіру, өзінің тапсырмалары мен шешімдерінің жергілікті жерде орындалу

барысына бақылауды күшейту, сондай-ақ қабылданған шаралардың сапасын жақсартып, азаматтардың мемлекеттік институттарға сенімін нығайту мақсатында енгізіліп отырғанын атап өтті.

Сонымен қатар Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасарына нақты міндеттер жүктелді.



БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ДАМУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Марат Омаровты қабылдады.

Президентке Агенттік төрағасы ведомствоның бақылау функцияларын орындау жөнінде, оның ішінде былтыр қабылданған монополияға қарсы шаралардың нәтижелері туралы есеп берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев негізгі тауар нарықтарында шоғырлану деңгейін төмендету және «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа сәйкес жекешелендіру бағытында атқарылған жұмыстар жайында баяндалды. Агенттік монополияға қарсы 97 істі тергеп-тексеруді аяқтады.

Марат Омаров бәсекелестікті дамыту жөніндегі 2025 жылға арналған жоспарды таныстырды. Монополиялық нарықтардағы баға бақылауды күшейту, тергеп-тексерулер мен нарықты талдау-

дың тиімділігін арттыру үшін заңнамаға тиісті өзгерістер әзірленді.

Агенттіктің цифрлық экожүйесін құру мен дамыту жоспарланып отыр. Бұл жасанды интеллект технологияларына негізделген ақпараттық-сараптамалық жүйені, цифрлық портал мен талдау құралдарын қамтиды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына Марат Омаров Қазақстан футбол федерациясының президенті ретінде отандық футболдың әлеуетін көтеру және еліміздегі балалар мен жасөспірімдер спортын қолдау жоспарын таныстырды.

Кездесу соңында Президент бәсекелестікті дамыту бойынша бірқатар тапсырма берді.



КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКА ДЕҢГЕЙІ ТӨМЕНДЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Элимановты қабылдады.

Президентке ведомствоның 2024 жылы атқарған жұмысының негізгі қорытындылары мен алдағы кезеңге арналған міндеттері жөнінде мәлімет берілді.

Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Мемлекет басшысына 2023-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспардың іс-шараларын жүзеге асыру көлеңкелі экономика деңгейін 1,3 пайызға төмендетуге мүмкіндік бергенін баяндалды.

Атап айтқанда, Агенттік 1 312 қылмыстық істі тергеп-тексеруді аяқтап, нәтижесінде 236,8 миллиард теңгенің залалын өтеді. Қылмыстық жолмен табылған 152,3 миллиард теңге кіріс тәркіленді.

Сонымен қатар ұйымдасқан қылмыстық топтарға қатысты 20 және трансұлттық топпен байланысты 1 сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары басталды. 42 қаржы пирамидасы жойылып, алаяқтық схемаларды жарнамалайтын 15 мыңға жуық сайт пен аккаунт бұғатталды, мессенджерлердегі 327 чат жабылды. Осылайша, 2 миллионнан астам азаматтың қаржылай шығынға ұшырауына жол берілмеді.

Бұдан бөлек, әлеуметтік желілердегі 41 онлайн құмар ойын алаңы, астыртын жұмыс істейтін 30 ойын залы, казино мен букмекерлік кеңсе өшкереленді. 11,7 мыңнан астам онлайн-казино сайтына кіруге тосқауыл қойылды.

Агенттік қызметкерлері 120 миллиард теңге көлеміндегі негізсіз бюджет шығындарының алдын алып, заңсыз крипто алмастырушы арқылы қылмыстық кірістерді заңдастыруға ниеттенген 36 әрекеттің жолын кесті.

Президентке Қазақстан, Беларусь және Ресей мемлекеттерінің қаржы барлаушылары бірлесіп жүргізген арнайы операцияның қорытындысы туралы есеп берілді. Оның нәтижесінде үш ауқымды «наркошоп» жабылып, 35 наркочилер ұсталған. Жалған қаржылық операциялар мен мәмілелер жасаған 1 787 заңды тұлғаның қызметі тоқтатылған, сондай-ақ террористік және экстремистік ұйымдардың шоттарына қаражат аударуға 1,2 мың әрекет анықталып, бұғатталған.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Агенттік қызметінің негізгі бағыттары бойынша бірқатар тапсырма берді.

БЕТА ҰРПАҚ: ЖАҢА ДӘУІР БАЛАЛАРЫ КІМ?

2025 жылдан бастап 2039 жылға дейін дүниеге келетін ұрпақ бета буынның өкілдері деп аталады. Америкалық әлеуметтанушы және футуролог Марк Маккриндлдің пікірінше, бета балалар (Generation Beta) толығымен цифрлы әлемде өмір сүреді, ақылды құрылғылар олардың тұрмыс-тіршілігінің бөлінбес бөлшегі болады және олар — адамзаттың тағдырын шешетін буын. Сондай-ақ бета ұрпақ үшін дәстүрлі өмір сүру құндылықтары сакральды саналмауы да мүмкін. Біз осы орайда Л.Гумилев атындағы ЕҰУ оқытушысы, психология ғылымдарының кандидаты Мәйірә Құнанбаевамен әңгімелескен едік.



САЯСАТ

9 ҚАҢТАР 2025 | БЕЙСЕНБІ



Мемлекет басшысы жариялаған Жұмысшы мамандықтары жылын іске асыру шаралары жөніндегі Үкімет отырысында Премьер-Министр Олжас Бектенов экономиканың басты өндірістік қуаты – кәсібін жетік меңгерген мамандар екенін атап өтті. Қазіргі жұмысшылар жоғары технологиялық жабдықтармен, автоматтандырылған жүйелермен жұмыс істейді. Бұл біліктілікті арттырып, интеллектуалдық әлеуетті және цифрлық сауаттылықты, жеке құзыреттілікті үздіксіз дамытып отыруды талап етеді.

ЖАҢА ИПОТЕКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР ӨЗІРЛЕНБЕК

Экономикаға мыңдаған білікті жұмысшы қажет екені атап өтілді. Сонымен қатар жыл сайын жаңа мамандықтар пайда болады. Сондықтан болашақтағы дағдылар мен құзыреттерді болжау үшін әкімдіктерге кәсіптердің өңірлік атласын жасау тапсырылды.

Жастардың жұмысшы мамандығын саналы түрде таңдауы үшін кәсіптік бағдар беру ісінде жаңа тәсілдерді жүзеге асыру керек. Болашақ маман өзінің кәсіптік перспективаларын көріп отыру үшін мектептер, колледждер, кәсіпорындар арасында өзара іс-қимыл моделін құру қажет. Бұл бағытта Оқу-ағарту министрлігіне техникалық және кәсіптік білім беру саласына сапалы өзгерістер енгізу тапсырылды. Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан

колледждерде оқытуды қаржыландыру 2 есе ұлғайтылды. Халықаралық талаптарға сай жаңа білім беру бағдарламалары енгізілуде. Сондай-ақ Астана қаласының әкімдігімен бірге құзыреттер орталығын құру жоспарланып отыр. Сонымен қатар бизнес, жұмыс берушілер, инвесторлар тарапынан да тиісті шаралар қабылдануы қажет екені айтылды. Бұл бағыттағы жұмысты «Самұрық-Қазына» қоры белсенді жүргізуі тиіс.

«Жұмысшы кадрларды әлеуметтік қолдаудың үздік корпоративтік тәжірибесін кеңінен таратып, жаңа ынталандыру шараларын енгізу керек. Өнеркәсіп, Энергетика, Көлік, Ауыл шаруашылығы, Су ресурстары министрліктеріне кәсіпорындармен, әкімдіктермен және Отбасы

банкпен бірлесіп, жұмысшы кадрлар үшін ипотекалық және жалға берілетін тұрғын үйдің жеңілдетілген бағдарламаларын іске қосу мәселелерін пысықтауды тапсырамын», — деді Үкімет отырысында Олжас Бектенов.

Мәселені қарау қорытындысы бойынша Премьер-министр мүдделі мемлекеттік органдар, әкімдіктер, ұлттық компаниялар мен кәсіпорындарға Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған Жұмысшы мамандықтары жылын өткізу жөніндегі салалық және өңірлік жоспарлардың сапалы іске асырылуын қамтамасыз етуді тапсырды. Барлық іс-шаралар жүйелі, нәтижелі және олардың әлеуметтік-экономикалық ұзақмерзімді әсері болуы тиіс.

ТҰРҒЫНДАРДЫ МАЗАЛАҒАН САУАЛ КӨП

МӘДЕНИЕТ ҮЙІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Мәжілістегі «AMANAT» фракциясының депутаттары Жанарбек Әшімжанов, Максим Рожин мен Мақсат Толықбай Алматы облысы Іле ауданы Өтеген батыр ауылына арнайы барып, Мәдениет үйінің құрылысы барысымен танысты. Олар жергілікті билік және мердігер компания өкілдерімен кездесіп, жұмыс барысы мен қаржыландыру мәселелерін талқылады.

Өтеген батыр ауылындағы 400 орындық Мәдениет үйінің құрылысы бірнеше жылға созылып келеді. 2022 жылы басталған жоба 2023 жылдың маусым айында пайдалануға берілуге тиіс еді. Алайда бүгінде жұмыс тек жартылай ғана аяқталған. Құрылысты аяқтауға 800 млн теңгеден астам қаржы жетпей отыр. Жобаға жауапты тараптардың әрекеті мен қаржының дұрыс игерілуі Мәжіліс депутаттарының назарын аударды.

Максим Рожиннің айтуынша, жоба бастапқыда дұрыс жасалмаған. Кіреберіс бөлігі

қате жоспарланып, жер мәселесі бойынша да дау туындаған. Құрылысқа қажетті қаражат уақытында бөлінбей, мердігер өз қаражатымен жұмысты жалғастырған. Нәтижесінде, құрылыс қымбаттап кеткен.

— Бұл — өңірдің әлеуметтік дамуы үшін өте маңызды жоба. Нысанның құны 2,2 млрд теңге деп бекітілген. Қаржы кезең-кезеңімен бөлініп келеді. Дегенмен жұмыс тиісті деңгейде орындалмаған. 2023 жылы пайдалануға берілуі керек еді, бірақ тек жартысы ғана дайын. Құрылыс тоқтап тұр. Бұл жерде бақылау-

дың жеткіліксіздігі анық байқалады. Халыққа уәде берілген болса, оны орындау — біздің ортақ міндетіміз. Біз бұл мәселені қатан бақылауға аламыз және барлық жауапты тараптардан нақты әрекет талап етеміз, — дейді депутат.

Іле аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Айдос Күнесбайдың мәліметінше, 2022 жылы 150 млн теңге, 2023 жылы 857 млн теңге бөлінген.

— Биыл 225 млн теңге бөлінді.

Қосымша шығындарға байланысты 2023 жылдың маусым айында тағы 404 млн теңге бөлінген болатын. Соған қарамастан, құрылыс белгіленген мерзімде аяқталмады. Бытырғы жылдың сәуірінде мерзімді тағы ұзарту туралы келісім жасалып, жобаның аяқталу уақыты 2025 жылдың шілдесіне шегерілді. Қазір құрылысты толық аяқтау үшін қосымша 805 млн теңге қажет, — дейді Айдос Күнесбай.

Қазір құрылысқа қажетті қаржыны бөлу мәселесі Алматы облысының бюджет комиссиясына жолданбақшы.

Айта кету керек, «AMANAT» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы аясында 2027 жылға дейін облыста 25 Мәдениет үйінің құрылысы мен 27 мәдени нысанның сапалы құрылысы жөндеу жұмыстары жоспарланған. Биыл 9 Мәдениет үйінің құрылысы мен 6 Мәдениет үйіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ БАҚЫЛАУДА ТҰР

Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Болатбек Нәжіметдинұлы мен Данабек Исабеков Шымкент қаласындағы Момынов көшесінің бойында салынып жатқан теміржол өткелінің құрылысымен танысып, жергілікті тұрғындармен кездесті.

Жоба аясында теміржолдың үстінен төрт жолақты аспалы көпір салынып, ол жаяу жүргіншілерге арналған жолмен жабдықталады. Сонымен қатар жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жарықшамдар орнатылады. Құрылыс 2024 жылдың қарашасында басталған. Қазір нысанның құрылыс белдеуіне түсетін бірнеше жекеменшік жер телімін мемлекет қажеттігіне алу мәселелері қарастырылып жатыр, ал қалған жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізіледі.

Нысанды аралап көрген депутаттар құрылыс жұмыстарының сапалы әрі уақытында орындалуын қадағалау қажеттігін ерекше атап өтті.

— Мегалополисті халық санының артуынан көлік кептелісінің



жүйелі түсетіні белгілі. Ал осындай аспалы көпірлер мен жолайрықтар халықтың жүріп-тұруын жеңілдетіп, қауіпсіздік деңгейін арттырады. Мұндай ауқымды нысанды жобалағанда жергілікті халықтың ұсыныстары мен пікірлерін ескеру керек. Ең бастысы салаға жауапты азаматтарды құрылыс жұмыстарына сапалы жүргізілуін қадағалауды мықтап қолға алуға шақырамын, — деді Болатбек Нәжіметдинұлы.

Шымкентте Тіленшин көшесінің бойында тағы бір аспалы көпір салынып жатыр. Екі нысанда да 2025 жылдың соңына дейін пайдалануға беру жоспарланып отыр. Жобаларды жүзеге асыру қала тұрғындарының өмір

сүру жағдайын жақсартуға, көлік қызметінің тиімділігін арттыруға, көлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Еске сала кетейік, 5 қаңтарда Мәжіліс депутаттарының өңірлерге жұмыс сапары басталды. Депутаттар өндірістік және әлеуметтік нысандарды аралап, еңбек ұжымдарында кездесулер өткізіп, азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды. Сонымен қатар олар сайлаушыларға қабылданған заңнамалық өзгерістер туралы ақпарат беріп, мәселелерін тыңдайды. Өңірлерде сайлаушылар көтерген ең өзектік мәселелерді шешу Мәжілістің жалпы отырыстарының бірінде Үкіметпен бірлесіп қаралатын болады.

ГИБРИДТІ ЭЛЕКТР СТАНСАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Маңғыстау облысында күн, жел және газ энергиясымен жұмыс істейтін 247 МВт гибриді электр стансасы салынып жатыр. Мәжіліс депутаттары Еділ Жаңбыршин және Самат Мұсабаев осы стансаның құрылысымен танысты.



Нысан құрылысы 2024 жылы басталған. Ол — «Қазмұнайгаз» ҰҚ және италиялық «ENI» компаниясының бірлескен жобасы. Бас мердігер — Hi-Teck Qazaqstan серіктестігі.

Мәжіліс депутаты Еділ Жаңбыршин Мемлекет басшысының

тапсырмасы бойынша елімізде көміртексіз бейтараптық стратегиясын жүзеге асыру басталғандығын атап өтті.

— Күн электр стансасы 50 МВт, жел стансасы 77 МВт және газ стансасы — 120 МВт қуатпен жұмыс істейді. Гибриді станса

Жанаөзен қаласындағы кәсіпорындарды, мұнай өндіруші компаниялар мен «Қазмұнайгаз» газ өндіру зауытын электр энергиясымен тұрақты түрде қамтамасыз етеді, — деді Е.Жаңбыршин.

Құрылысшылармен өңгімелесу барысында депутаттар Парламентте қабылданған заңдардың жүзеге асырылуы жөнінде пікір алмасты. Әсіресе, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану» туралы заңның артықшылықтарын ортаға салып, бұл құжат Президенттің қоғамда әділдік орнатуға бағыттағанына назар аударды.

Айта кету керек, Маңғыстауда салынып жатқан гибриді электр стансасы инновациялық жоба. Елімізде алғаш рет жүзеге асырылып отыр. Станса іске қосылған соң 70 адам жұмыспен қамтылады. Аймақтық энергиямен қамтамасыз етудің жаңа көздері көмірқышқыл газының қалдықтарын азайтады. Станса құрылысын 2026 жылы аяқтау жоспарланған.

ГАЗ ТАРАТУ ЖЕЛІЛЕРІН КӨРДІ



Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» фракциясының мүшелері Асхат Аймағамбетов, Никита Шаталов, Бауыржан Смағұлов, Үнзила Шапақ, Арман Қалықов, Құдайберген Бексұлтанов және Тілектес Адамбеков Теміртау қаласындағы газ тарату желілерінің құрылысы барысымен танысты.

Атмосфераға зиянды шығарындарды азайту және көмірден газға көшу — «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасының бірі. Атап айтқанда, Теміртауда табиғи газ 3 мыңнан астам үйге қосылған. Алдағы уақытта тағы шамамен 3 500 тұрғын үйді газбен қамту жоспарланып отыр.

Бұл тек қала экологиясын жақсартып қана қоймай, тұрғындардың жылытуға кететін шығын-

дарын да азайтады. Жалпы, 8 газ кешені үш кезеңде іске қосылмақ. Бүгін Мәжіліс депутаттары қаладағы газдандыру жұмыстарының барысымен танысты.

— Қазір 4 газ тарату стансасы іске қосылды. Жоспарда тағы 4 стансаны іске қосып, кейін абоненттерді қосу жұмыстары жүргізіледі. Мұның барлығы экологиялық және әлеуметтік жағынан оң әсерін береді, себебі көмірмен жылыту қиын әрі қымбат. Қазір көмірдің тоннасы шамамен 25 мың теңге тұрады, ал көгілдір отын одан арзан, — деді депутат Бауыржан Смағұлов.

Арман Қалықовтың айтуынша, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің сайлауалды бағдарламасында тұрғындарды газбен қамтамасыз ету бойынша нақты міндеттер қойды. Сондай-ақ Президент азаматтарды «көгілдір отынға» қосу жұмыстарын жандандыруды бірнеше рет тапсырған болатын.



Жеке сот орындаушыларына қатысты реформа басталды. Мемлекет азаматтардың қаһарлы «қарыз өндірушілермен» аз байланысуы, жиі жолықпауы үшін жағдай жасамақ. Соның аясында, мысалы, мемлекет пилоттық жоба аясында ЖСО-ларды біртіндеп роботпен алмастырып жатыр. Болашақта бұл қызметті жасанды интеллект орындауы мүмкін. Ал робот жалақы қажет етпейтіні белгілі. Оған дейін биыл жауапты ведомство «қудалаушылар» қызметінің тарифін түсіруге ниетті.

**ШАҒЫМДАР
ЛЕГІ ТОЛАСТАР ЕМЕС**

Бытыр бір топ депутат ЖСО-лардың қызметін реформалау аясында «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі заңнама өзгерістер енгізуге бастамашы болды. Басты идея – ЖСО-ларға қатысты дауларды сот емес, Әділет министрлігі қарауы керек. Қалаушылардың заңнамалық түзетулерін Мәжіліс «Кейбір заңнамалық актілерге сот жүйесін реформалау және процесстік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының жобасына қосты.

«AMANAT» фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Үнзила Шапақ мұны сот орындаушысының әрекеттеріне шағымдануға байланысты істердің көптігімен түсіндірді. Атқарушылық іс жүргізу туралы заң сот орындаушысының әрбір әрекетіне шағымдану құқығын береді.

– Бұл құқығын жанжалкор борышкерлер кейде асыра пайдаланады. Мысалы, ол сот орындаушысының бағалаушыны тағайындау және тарту жөніндегі әрекеттеріне дау айтады. Бағалау туралы есептің өзін де даулайды. Мүлікті сауда-саттыққа беру жөніндегі іс-әрекеттерге, содан кейін сатудың өзіне, сауда-саттық хаттамасына және тағы басқа атқарушылық іс жүргізу бойынша сот орындаушысының іс-әрекеттеріне бөлек-бөлек, қаптығып шағым жасайды. Сөйтіп, сот шешімін орындау бірнеше жылға кешіктіріледі, – деді Ү.Шапақ.

Жоғарғы соттың мәліметінше, сот орындаушылары қозғаған істердің көпшілігі, 55%-дан астамы олардың заңсыз әрекеттерінің расталуымен аяқталады. Сондықтан бастамашы депутаттар, бір

ОРЫНДАУШЫ ТОНАУШЫҒА

АЙНАЛМАСЫН ДЕСЕК...

қызметкері адам тағдырын шешетін шешім қабылдайды. Яғни, сот орындаушысының қаулысының күшін жояды немесе жоюдан бас тартады, – деді депутат.

Ол сұрақты төтесінен қойды: маман жетіспей жататын аймақтық Әділет департаменттерінде ЖСО әрекетінің заңды не заңсыздығын айқындауға жергілікті білікті кадрлар, сондай-ақ материалдық ресурс жеткілікті ме? Бұл – үлкен мәселе. Сонымен бірге бұл өзгеріс Ата Заңға қайшы болуы мүмкін. Өйткені Конституцияның 13-бабының 2-бөлімінде: «Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар» деп қадап айтылған. Ал Әділет шенеунігі сот емес.

Ақыры, ел Президенті 2024 жылғы 21 қарашада «Кейбір заңнамалық актілерге сот жүйесін реформалау және процесстік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының соңғы, түпкілікті нұсқасына қол қойды. Онда сот орындаушыларына қатысты пікірталас тудырған түзетулер блогы жоқ, оны Парламенттің өзі тұтасымен алып тастаған екен.

ҚР Әділет вице-министрі Ботагөз Жақселекованың айтуынша, сот орындаушыларына қатысты жыл сайын Әділет органдарына түсетін шағымдардың саны



Ресми статистикаға сәйкес, орындауда жатқан барлық атқарушылық құжат ішінде өндіру сомасы 60 АЕК-тен (биыл 235 920 теңгеден) аспайтынының үлесі 82,9%-ға жеткен! Олар негізінен, жол жүрісі ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдар, әкімшілік істер аясында салынған айыппұлдар, төленбеген салықтар болып келеді. Соның арасында өндіру сомасы 10 АЕК-ке (39 320 теңгеге) жетпейтінінің үлесі – 46,8%.

жағынан, судьялардың жүктемесін жеңілдетіп, екінші жағынан, Әділет органдарының ролін күшейтіп, оларға сот орындаушыларының қаулыларының күшін жою құқығын беруді орынды деп тапты.

Бірақ бұл түзетулерге депутаттардың бір бөлігі қарсы шықты. Себебі осының кесірінен азаматтар ЖСО-лардың қаулыларына қарсы тікелей сотқа шағымдану мүмкіндігінен айырылуы мүмкін. Олар Әділет департаменттеріне арыздануға мәжбүрленеді. Ал дауласушы тараптарға әділ төрелік айтып, би болатындай шенеуніктердің тиісті біліктілігі жоқ. Мұның сыртында, сот орындаушылары осы органға қарайтындықтан, оның шенеуніктері бұра тартуы да мүмкін.

«AMANAT» фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Дмитрий Колоданың түсіндіруінше, қазіргі кезде ЖСО-лардың әрекеттеріне қатысты барлық шағымды сот қарайды.

– Жыл сайын әкімшілік сот өндірісі осындай шамамен 8 мың істі қарайды. Ұсынылған заң жобасында мұндай шағымдарды қараудың «міндетті соттан тыс тәртібін» енгізуге талпыныс жасалды. Оған сәйкес, борышкерлер мен өндірушілер өз шағымын өңірлік Әділет департаменттеріне бағыттауға міндеттелік. Қарау қорытындысында білікті судья емес, Әділет департаментінің қатардағы

35-40 мыңға жетті. Әділет ведомствосы азаматтар арыздарын қарай келе, оның кейбірі бойынша мемлекеттік және жеке сот орындаушыларына төл шешімін қайта қарауға тек ұсыныс жасай алады. Олардың Әділетке қаулысының күшін жоятын құзыры жоқ.

**ЖСО ТАРИФІ
ТӨМЕНДЕТІЛМЕК**

Қенесде отырып, компьютердің қолжетпейтіндігінен бір-екі шерту арқылы адам тағдырын шешіп тастайтын жеке сот орындаушыларының қымбат делдалдық ақысы халық пен бизнесті қанақаттап бітті. ЖСО-лар ештеңе бітірмей, ешқандай өнім шығармай-ақ, әрбір істен 2 миллион 359,2 мың теңгеге (биылғы ең жоғарғы шегі) дейін табыс таба алады.

Елдің жанайқайы жауапты шенеуніктерге жеткенге ұқсайды. Әділет министрлігі бытырғы 2024 жылдың соңында «Жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу мөлшерлерін бекіту туралы» Әділет министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы №416 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрық жобасын дайындады.

«Бұл түзетулер жеке сот орындаушыларының қызметіне ақы төлеуде халыққа түсетін қаржылық жүктемені азайтуға бағытталған. Қолданыстағы заңнамаға

сәйкес жеке сот орындаушысының қызметінің ақысы оның өндіріп алатын сомасының 3%-дан 25%-ға дейінгісіне құрайды. ЖСО қызметіне ақы төлеу борышкер үшін қосымша шығын. Және ЖСО-ның ақысы негізгі борышын да өтей алмай жүрген азаматтарға үлкен қаржылық жүктемеге айналды, – деді Әділет ведомствосының өкілі.

Мысалы, қолданыстағы бұйрыққа сәйкес, мүлдіктің ақшалай сипаттағы атқарушылық құжаттар үшін борышкерлер ЖСО-ларға келесідей ақы төлейді: 60 АЕК-ке дейін болса, өндіріп алу сомасының 25%-ы мөлшерінде. 60-тан 300 АЕК-ке дейін: өндіріп алу сомасының 20%-ы. 300-1 000 АЕК-ке дейін: 15%-ы. 1 000-5 000 АЕК-ке дейін: 10%-ы. 5 000-10 000 АЕК-ке дейін: 8%-ы. 10 000-20 000 АЕК-ке дейін: 5%-ы. 20 000 АЕК-тен жоғары болса, өндіріп алу сомасының 3%-ы мөлшерінде.

Жаңа бұйрық жобасына сай, мүлдіктің және ақшалай сипаттағы атқарушылық құжаттардың сомасы 10 АЕК-ке (2025 жылғы 39 320 теңгеге) дейін болса ғана өндіріп алу сомасы ең жоғарғы 25% мөлшерінде болады. 10 АЕК-тен 50 АЕК-ке дейінгі аралықта 22%-ға дейін төмендетілді. 50 АЕК-тен 150 АЕК-ке дейін ЖСО ақысы өндіріп алу сомасының 20%-ын құрамақ.

150 АЕК-тен 300 АЕК-ке дейін: 18%-ы. 300-1 000 АЕК-ке дейін: 15%-ы. 1 000-5 000 АЕК-ке дейін: 10%-ы. 5 000-10 000 АЕК-ке дейін: 8%-ы. 10 000-20 000 АЕК-ке дейін: 5%-ы. 20 000 АЕК-тен жоғары болса, өндіріп алу сомасының 3%-ы. Қорыта айтқанда, ЖСО-лардың 1 мәміleden 2 миллион 359,2 мың теңгеге дейін ақы алу мүмкіндігі сақталады. Бірақ өндіріп алу

сомасы 20 мың АЕК-тен (2025 жылғы 78 миллион 640 мың теңгеден) асатын ондай атқарушылық істердің үлесі көп емес көрінеді.

Ресми статистикаға сәйкес, орындауда жатқан барлық атқарушылық құжат ішінде өндіру сомасы 60 АЕК-тен (биыл 235 920 теңгеден) аспайтынының үлесі 82,9%-ға жеткен! Олар негізінен, жол жүрісі ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдар, әкімшілік істер аясында салынған айыппұлдар, төленбеген салықтар болып келеді. Соның арасында өндіру сомасы 10 АЕК-ке (39 320 теңгеге) жетпейтінінің үлесі – 46,8%.

«10 АЕК-ке дейінгі атқарушылық құжаттардың басым бөлігін әкімшілік айыппұлдар мен салық бұйрықтары құрайды. Яғни, олар ақпараттық жүйеде автоматтандырылған түрде орындалады. Осыған байланысты, елде оңайлатылған өндіріс енгізілгенінен ескерсек, 25%-дық ақы мөлшерін тек 10 АЕК-ке дейінгі құжаттар бойынша қалдыру керек деп есептейміз», – деді Әділет министрлігінің сарапшылары.

Бұл ретте 10 АЕК-тен 50 АЕК-ке дейінгі өндіру сомасы аралығында ЖСО ақысын 3%-ға – қолданыстағы 25%-дан 22%-ға дейін түсіру жоспарланған. Өйткені ЖСО істерінің 33%-ы осы санатқа жатады. 50-ден 60 АЕК-ке дейінгі істер бойынша жиналатын ақы 5%-ға кемігіледі, бұл санатқа істердің тек 3,1%-ы кіреді екен. 150-ден 300 АЕК-ке дейінгі істер бойынша ақы 2%-ға төмендемек: үлесі 3,4% ғана.

Министрлік мамандарының айтуынша, ЖСО тарифтік ставкаларын бұлайша азайту олардың кеңесін жалға алу, коммуналдық қызметтер төлемін төлеу, шығыс материалдарын сатып алу, салықтары,

түрде төлем жасалмаса, жүйе мәжбүрлеп орындатуы үшін атқару парағын жеке сот орындаушысына ұсынады. Егер осы кезде уақтылы төлем жасалса, онда атқарушылық іс жүргізу артық шығынсыз тоқтатылады.

Министрліктің болжамынша, «робот сот орындаушы» жыл сайын қазақстандықтардың 5 миллиард теңгеге жуық қаржысын үнемдей алады. Пилоттық жоба аясында, жарты жылдай мерзім ішінде ол 1,2 миллиард теңгені өндіріп алуды қарастыратын 60 мыңнан астам атқарушылық іс қозғады. Осының нәтижесінде ел азаматтары ЖСО-лар қызметіне ақы төлеуден босатылып, 300 миллион теңгені үнемдеді.

– Бұрындары хабарлама уақтылы келмегендіктен азаматтар өзіне айыппұл салынғанын білмей қалағаны жиі кездесетін. Қарыз уақытында өтелмесе, ЖСО-ға айыппұл сомасының 25 пайызына дейін қосымша ақы төлеуге мәжбүр болады. Енді қазақстандықтар бұл шығындардан және сот орындаушыларға барудан босатылып, уақты мен қаржысын біршама үнемдей алады, – деді Әділет министрі Азамат Есқараев.

Бірақ әзірге «робот-ЖСО» қызметінде шектеу бар. Ол 2024 жылғы 19 маусымда қабылданған жаңа заңға сәйкес, 20 АЕК-ке (78 640 теңгеге) дейінгі сомалан аспайтын атқарушылық құжаттарды ғана қамтиды. Робот оңайлатылған іс жүргізуді қозғағандан кейін азаматтарға іс туралы 1414 нөмірінен SMS-хабарлама, eGov Mobile қосымшасы арқылы толық ақпаратты бар push-хабарлама жіберіледі. Азаматтарға ыңғайлы болу үшін қарызды онлайн төлеу мүмкіндігі енгізілді. Осы арқылы адами факторлар жойылып, оның орнына толығымен робот жұмыс істейді.

Қалай болғанда, талай жыл жайлаған былықтан арыла алмаған жеке сот орындаушылар институты жетілдіруді қажет етеді. Мысалы, прокуратура ЖСО-лардың алиментшілермен ауыз жалу су деректерін анықтады. Салдарынан, жалғыз қалған аналар мен балалар заңмен тиесілі төлемін ала алмайды. Абаял облысында сот орындаушылары алимент бойынша қарызы 2 миллион теңгеден асып кеткен борышкерлердің 3 қымбат автокөлігіне салынған бұғатты заңсыз алып тастаған.

Мұны облыстық прокурорлар әшкереледі. Бүгінде ЖСО-лардың үстінен сотқа дейінгі тергеу басталды. 2023 жылдың 2 мамырынан бері сот орындаушылары бірнеше минутта, онлайн түрде автокөлікке тыйым салып немесе оны алып тастау мүмкіндігін иеленген еді.

Бұған қоса, прокуратура алиментшілердің қарызын өтеу үшін дүние-мүлкін сатуға қою бойынша ЖСО-лардың шара қабылдамайтын анықталды. Мысалы, бір ғана осы облыста бұғатталған 11 машина, 12 пәтер, жер телімдері сол бойы өткізілмеген.

Бұған дейін Бас прокуратура Алматы, СКО, БҚО, Қарағанды, Павлодар және Ақмола облыстарындағы тексеріс нәтижесінде ЖСО-лардың 1,1 миллиард теңгені ұрлауының 660 фактісін анықталды. Олар қаражатты өндіріп алған, бірақ өндірушілердің шотына аудармай, өздері иеленіп кеткен. Ал астаналық сот орындаушысы жеке тұлғаға өмірде жоқ алимент қарызын жүктеп, оның банктік шотынан 289 миллион теңге шешіп алған. ЖСО ол қаржыны Астананың сот актілерін орындау департаментінің экс-бастығына аударған және осы қызметі үшін 10 млн теңге сыйақы алыпты.

Алматыда ЖСО өз депозитін борышкерлердің банктік шотындағы қаржы есебінен толтырып отырған және олардан 84 миллион теңгені заңсыз алған. Қарағандылық 7 ЖСО борышкерлердің 110 миллион теңге жеке қаржысын өз қажеттіліктеріне жұмсап келген, тұрғын үй, көліктер алған. Батыс Қазақстан облысының ЖСО-лары борышкерлерден өндіріген қаржыны әйелдеріне, туыстарына аударған. Осы және басқа да төбе шашты тік тұрғызар сорақы тіріліктер салада кең ауқымды өзгерістердің қажеттілігін дәлелдей түседі.

Елдос СЕНБАЙ

**ҚҰЛТЕМІР ЕМЕС,
ТЕГІН КӨМЕКШІ**

Тіпті, ЖСО-лардың көбі кәсібінен жеріс жоқтатпайды. Бір жыл бұрын, 2024 жылғы қаңтарда Қазақстанда пилоттық режимде «робот сот орындаушысы» іске қосылды. Республикалық ЖСО палатасымен бірлесіп, Әділет министрлігі оңайлатылған атқарушылық іс жүргізуді алдымен Тараз қаласында енгізді. Қазіргі кезде жоба бүкіл Қазақстан аумағында қолжетімді.

«Азаматтар өзіне салынған айыппұлды уақытында өтей алмаса, атқару құжаты ЖСО-ларға көшеді. Салдарынан, халыққа айыппұлдына қоса, оның 25%-ға дейінгі сомасын ЖСО-ға төлеуге тура келеді. Енді бұл қызметті робот тегін атқарады. Жаңа жобаның арқасында ел азаматтары миллиардтаған теңгесін үнемдей алады», – деді Әділет министрлігі.

Ведомствоның түсіндіруінше, бұл жүйенің жұмыс істеу алгоритмі келесідей: бірінші кадамда Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті әкімшілік құқықбұзушылық үшін 50 күн ішінде төленбеген айыппұл сомасын өндіріп алу туралы ұйғарым жібереді. Екінші кадам: ол келіп түскен соң «робот-ЖСО» 5 күнтізбелік күн ішінде талапты орындау қажеттілігі туралы айыпты адамға SMS хабарлама жібереді. Үшінші кадам: айыппұл бойынша ерікті

КӨКЕЙКЕСТІ

9 ҚАҢТАР 2025 | БЕЙСЕҢБІ

Басқа елдерде қалай екені қайдам, бірақ елімізде радиофобия ұшығып тұр. Радиация десе, жаны қалмай қорқатындар көп. Құдды бір қауіпті сәуле толқындары осы бір ауыз сөздің өзінен-ақ тарап, өңменінен өтіп, айықпас ауруға шалдықтыратындай шошиды. Бұл қорқыныштың ішінде уран изотоптарынан бастап, электромагнитті сигналдар тарататын барлық құрылғылар бар. Бұл проблеманың өткір тұрғынын біз АЭС салу референдумы кезінде байқадық. Ендеше бұл қорқыныш бізге қайдан келді?

А Нұрлан ҚОСАЙ

АТОМ ҚУАТЫ – ҚАУІПСІЗДІКТЕ

Не қолға ұсталмайтын, не көзге көрінбейтін, иісі де жоқ, түсі де жоқ радиация дегеніміз не? Ғылымның тілімен айтқанда, ол – энергияның электромагниттік толқындары немесе субатомдық бөлшектер түрінде таралатын иондаушы сәулелер екен. Ол – ғарыш жаралғалы бар дүние, сондықтан оның ажырамас бөлшегі жер ғаламшарының да барлық жерінде кездеседі. Күннің көзінен де радиация тарайды, бірақ біздің ғаламшардың электромагнитті өрісі оны сүзгі ретінде сәйлітпін жібереді де, жер бетіне ол біз ендігісі бейімделіп кеткен мөлшерде жетеді. Сол сияқты жер қойнауындағы тас-топырақ, су көздерінде де радиоактивті заттар бар. Олар радионуклеидтер түрінде кездеседі. Ауа түріндегі родон газы бар. Бұл тұста адамға радиацияның өзі емес, мөлшері қауіпті. Егер ол белгілі мөлшерден асып кетер болса, ағзадағы ұлпалардың жасаушаларына дейін өтіп, оны күйдіруі мүмкін. Оның соны сәуле ауруларына, онкологиялық айықпас дерттерге алып келеді. Сондықтан да радиофобияның болуы орынды. Десе де, бүгінгі ғылым мен технологияның озық дамыған заманында радиациядан сақтану мен қорғанудың барлық мүмкіндігі қарастырылғанын есте ұстаған абзал.

Ал радиофобия дегеніміз не? Медицина тұрғысынан алғанда бұл, негізінен ауру. Онда да тек Қазақстанда ғана емес, әлемдегі сауатты елдердің барлығында дерт. Медицина тілінде, ол – психологиялық та, физиологиялық та тұрғыда кездесетін жүйке-соматикалық сипаттағы ауытқушылықтар кешені деп аталады. Кей жағдайда одан айығу мүлдем мүмкін емес дейді мамандар, оған шалдыққан адам ион шашатын немесе ион шашпайтын электромагнитті сәуленің барлық түрінен қорқады екен. Иондалатыны көділгі радиация болса, иондалмайтыны – ұялы байланыс станциялары, микротолқындар пещтер, смартфондар, индуктивті жылу сәулелер және т.б.

«Адамдар радиациядан қатты қорқады. Оның көптеген себебі бар: қасіретті Семей ядролық полигоны, Байқоңыр ғарыш айлағы, Чернобыль мен Фукусима апаты. Осының барлығы да олардың көңілінде өз ізін қалдырды. Оның үстіне, біздің азаматтар радиация туралы өте аз біледі. Сондықтан да кез келген қаңқу сөзге үрке қарайды. Мәселен, АЭС референдумы кезінде халықпен кездескенде «радиация тұқым қуалай ма?» деп кәдімгідей уайымдап сұрағандар болды. Шыңдығында, мұндай факт ғылыми түрде дәлелденген емес. Өйткені Хиросимадағы жарылысқа 80 жыл өтсе де жапон ғалымдары ондай деректі анықтаған жоқ. Радиация генетикалық ақпаратты жойып



РАДИОФОБИЯ ҮРЕЙГЕ? негіз бе?

тәсілмен зерттеу радиоактивті ластану белгілерін анықтаған жоқ. Мұндағы гамма-сәулелердің орташа дозасы жылына 0,68 мЗв болса, рұқсат етілетін көрсеткіш – жылына 1 мЗв. Мұның барлығы «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың» гигиеналық нормативтеріне сәйкес келеді», – дейді ол.

Маманның айтуынша, уран кен орындарында радиациялық қауіпсіздік жоғары деңгейде сақталып келеді. Кеңес кезіндегідей ашық-шашық қарьерлерден Қазақстан әлдеқашан бас тартқан. Қазір онда жер астына екі ұңғыммен құбыр жіберіледі де, уран қышқылмен еріту арқылы алынады. Соның нәтижесінде, кен орнының басы экологиялық таза болады, әрі экономикалық та тиімді. Бұл – МАГАТЭ бекіткен тәсіл.

«ҚЫРҒИ-ҚАБАҚ СОҒЫСТЫҢ» САЛҚЫНЫ

Қазақстандағы, оның сыртында ТМД елдеріндегі радиофобияның бастауында өткен ғасырдың 50-шы жылдарындағы геосаяси ахуал жатыр. Кеңес Одағы мен Америка Құрама Штаттары жаппай қарулану жарысына кіріскен «қырғи қабақ соғыс» кезеңінде стратегиялық-тактикалық мақсаттағы әскери арсеналдар пайда

ұрпақ оны тек әскери қару ретінде таныды. Бейбіт мақсаттағы игілігі барын қабылдай алмады. Маңғыстауда 1972 жылы атом электр стансасы салынғанда да құпиялық қатаң сақталып, оған рәсімдік нысан ретінде статус берілген еді. Сондықтан да былайғы тұрғындар МАЭК-ке бейне бір кез келген уақытта жарылып кетуі мүмкін бомба секілді қауіптен қарады. Осы радиофобияны 1986 жылғы Чернобыль апаты тіптен орнықтыра түсті. Бұл қайта құру басталған жылымық кездер еді. Сондықтан да одан кейінгі жылдарда Семей полигоны мен осы Чернобыль апатының шындығы қатар айтыла бастады. Радиацияның адам ағзасына, қоршаған ортаға жойқын әсері, саналы сағаттарда-ақ өлімге алып келетіні, болмаса айықтырмас дертке шалдықтыратыны екі жағдайда да қоса қабат жария боп жатты. Осылайша, Қазақстан қоғамы атом игілігінен мәңгілікке теріс айналып кеткен еді. Тәуелсіздік жылдары да жағдай онала қоймады.

«Радиофобияның тағы бір себебі – әлемде төртінші орында болған ядролық қару арсеналынан түбегейлі бас тартқанымыз. Бұл бізге геосаясатта үлкен карт-бланш берді. Соның екпіннен 1998 жылы Ақтаудағы БН-350 жылдам нейтронды реактор да тоқтатылды. Қазақстанда атом өнеркәсібі өндірістік және ғылыми-эксперименталды деңгейде дамыды. Сөйтіп, Қазақстан осы бағыттағы құпиялықты сақтап қалды. Өйткені атомға қарсы саясат жүргізе отырып, елімізде атом энергетикасын насихаттау орынсыз еді», – дейді Eurasian Expert Council қоғамдық қорының төрағасы Шыңғыс Лепсібаев.

Оның айтуынша, қоғамдағы бұл келеңсіз құбылысқа Фукусимадағы атом апат та «жығылған үстіне жұдырық» боп тиген екен. Жаһанға ыждаһаттылығымен танымал жапондардың табиғаттың дүлей апаты алдында дәрменсіздік танытқаны қазақстандықтардың қорқыныш сезімін одан сайын бекіте түсті. Осындай оқиғалардың тізбегінен елімізде атом өнеркәсібінің шикізат деңгейінде қалуы және КСРО-дан қалған құпиялықтың алынбауы бірнеше ұрпақ бойы радиофобияның сақталып қалуына себеп болды.

КЕҢ КӨЛЕМДЕ ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАЖЕТ

Мамандардың айтуынша, ең бірінші кезекте Қазақстан азаматтарының осы бағыттағы білімі өте төмен. Мектепте бұл тақырып терең оқытылмайды. Тіпті, радиациялық қауіпсіздік бойынша елімізде бірінші саясат жүргізілмейді. Соның салдарынан, халықтың қауіпсіздік саласындағы отандық стандарттарға және мамандардың біліктілігіне деген сенімі өте төмен. Мұның барлығы АЭС салу жөніндегі референдум кезінде айқын аңғарылды. Елімізде осы уақытта дейін радиофобияға қарсы күрес мүлдем жүргізілмегеніне көз жетті. Керісінше, атомның теріс салдары туралы негативті ақпараттық фон қалыптасқан. Тіпті, сол туралы түсірілген көптеген деректі фильмдер ақпарат кенестігін жаулап алған. Сондықтан да мемлекет тарапынан орасан зор көлемде түсіндіру жұмыстары жүргізілуі қажет. «Еліміз әскери атомнан бас тартқанымен, бейбіт атомнан бас тартқан жоқ. Мұнда керісінше, әлемдік деңгейдегі өте жоғары жетістіктерге жеттік. МАГАТЭ сынды беделді ұйым тарапынан мойындалдық. Уран өндірісі де, атом өнеркәсібі де қатар дамыды. 1972 жылы пайдалануға берілген

Маңғыстаудағы БН-350 реакторының игілігін ширек ғасыр көрдік. Атом энергиясын бейбіт мақсатта, яки энергия өндіруге, суды тұщытуға және қалаларды жылытуға қауіпсіз түрде пайдалана алдық. Ал оның арғы жағында ғылым ретінде ядролық физика 1957 жылдан бастау алды. Ұлттық ядролық орталық (Курчатов) және Ядролық физика институты (Алматы) негізінде ядролық технологияның ғылыми-зерттеу базасы дамыды. Ендеше өрісі 70, берісі 50 жыл болды, бірақ қазақстандықтар радиациялық қауіпсіздік туралы білері әлі де өте аз. Онда да жүйелі түрде емес, тек желеленген деректер түрінде. Сондықтан осы олқылықтың орнын толтыратын кез келді», – дейді атом өнеркәсібі жөніндегі сарапшы Софья Курій.

Мамандар халық арасында радиациялық қалдықтарға деген үрейлі көзқарас бар екенін айтады. Реактордан пайдаланудан шыққан отынды ұзақ жылдар бойы ешкімге зиянын тигізбей сақтау шарттары көп адамды уайымдатады екен. Сол сияқты «Қазақстан халықаралық радиоактивті қалдықтар банкіне» айналып кетпей ме деп қорқады.

«Мен ядролық инженерия мамандығы бойынша «Болашақ» бағдарламасымен АҚШ-тағы PennState университетінде кәсіби білім алдым. Осы жоғарғы оқу орнында білім алумен қатар, университеттің атом реакторында 3 жылдай жұмыс істедім. Реактордың пультында атомдық процесстерді тікелей басқардым. Қазіргі таңда Американың ядролық реактор операторы лицензиясы алған алғашқы жас қазақпын. Әлемде атом энергетика саласы мұқият қадағаланып, жүйелі бақылауда болатындықтан, оның қауіпсіздігіне алаңдаудың қажеті жоқ. Мысалы, Америкадағы өзін жұмыс істеген реактор университет кампусының ішінде орналасқан. Дәл қасында студенттер мен профессорлар тұрады. Қазіргі таңда Американың ядролық реактор операторы лицензиясы алған алғашқы жас қазақпын. Әлемде атом энергетика саласы мұқият қадағаланып, жүйелі бақылауда болатындықтан, оның қауіпсіздігіне алаңдаудың қажеті жоқ. Мысалы, Америкадағы өзін жұмыс істеген реактор университет кампусының ішінде орналасқан. Дәл қасында студенттер мен профессорлар тұрады. Қазіргі таңда Американың ядролық реактор операторы лицензиясы алған алғашқы жас қазақпын.

Сол сияқты еліміздегі реакторларды да қалдықтар Шыңғыс Қазақстандағы Үлбі уран таблеткаларын өндіру зауытының аумағында жиналады екен. Одан өзге реакторлардың жанында да сақталып келеді. Мәселен, Алматыда реактор қалдықтарының жанында 800 метр жерде сақталып тұрғанына 57 жыл болыпты. Мұнда қауіпті ештеңе жоқ дейді мамандар. Сондай-ақ АЭС отындарының бір ерекшелігі – қай реактордан қашан шығарылғанын қанша жерден жасырғансыз да, ғалымдар оны есептеп тауып алады екен. Өйткені әр АЭС-те тек өз отыны болады, басқа отын оған қайталанп келмейді. Сондықтан да «шетелдің отынын қазақстанда сақтайды» деген де қаңқу сөз.

«Бізге радиофобиямен күрес саласында ұлттық эдвокаси жобалар жоқ. Мақсатты түрде жұмыс істейтін мемлекеттік бағдарламалар әзірленіп, іске қосылмай, халықтың бұл бағыттағы сенімін ояту қиын. Тағы бір атай кетер негізгі жайт, осы мәселеге тікелей жауапты Энергетика, Цифрландыру және Экология министрліктерінің қоғамдық пікірді қалыптастыру құзыреті жоқ. Елімізде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу тек Мәдениет және ақпарат министрлігіне жүктелген. Ал олар бұл тақырыпты мүлдем ұмытқан. Сол себеп қазіретті министрліктерге қоғамдық пікірге ықпал ете алатындай тетік беру керек», – дейді Eurasian Expert Council қоғамдық қорының төрағасы Шыңғыс Лепсібаев.

Расында да, референдум қарсаңындағы жұмыстарды одан әрі жалғастыру қажет-ақ. Науқаншылықпен тыйылып қалуға болмайды. Өйткені атомның қаупі бар екені рас, бірақ игілігін де ұмытпағанымыз жөн. Оның жойқын күшін әскери мақсатта сезінген болсақ, азаматтық мақсатта да пайдасын көруге тиіспіз. Қазақстандағы радиофобия тым әсірешілдікке ұшыраған үрейлердің жиынтығы екенін түсінуіміз керек. Шындығына келгенде, радиофобия белгісіздік тудыратын және дезинформация ретінде қолдануға барынша ынғайлы манипуляция құралы ғана.

Адамдар радиациядан қатты қорқады. Оның көптеген себебі бар: қасіретті Семей ядролық полигоны, Байқоңыр ғарыш айлағы, Чернобыль мен Фукусима апаты. Осының барлығы да олардың көңілінде өз ізін қалдырды. Оның үстіне, біздің азаматтар радиация туралы өте аз біледі. Сондықтан да кез келген қаңқу сөзге үрке қарайды.

жіберуі мүмкін, бірақ ұрпақтан ұрпаққа берілмейді деген тұжырым бар», – дейді «Қазақстан ядролық қоғамы» тәуелсіз коммерциялық емес ұйымының жетекшісі Наталья Жданова.

Оның айтуынша, халық арасында осы сияқты аңыз өте көп екен. Оның көбі уран өндірісімен, АЭС-пен байланысты. Мәселен, оңтүстік өңірдегі кен орындарының манайындағы ауылдарда радиациялық фон жоғары деп уайым білдірген екен. Олар – Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданындағы Темір, Шәуілдір, Көксарай ауылдарының тұрғындары. Өйткені бұл елді мекендерге жақын жердегі кен орнынан «Заречное» бірлескен кәсіпорыны» АҚ уран өндіреді.

«Кен өндіруші аймақтарда радиациялық фон жиі өлшеніп отырады, оны жергілікті атқарушы органдар ұдайы қадағалайды. Мәселен, бұл ауылдарға Республикалық радиологиялық орталық қыркүйек айында ғана тексеру жүргізілген болатын. Мамандар ауыл ішінде, балабақшаларда, мектептерде және ауруханаларда гамма-сәулеленудің дозасын өлшеген. Химиялық заттардың шекті рұқсат етілген концентрациясын анықтау үшін су және топырақ үлгілері алған. Соның нәтижесінде, мәселен, Шәуілдір ауылындағы Ш. Қалдаяқов атындағы мектептен алынған суда урана-238 элементі 1,19 Бқ/кг, ауруханада 1,31 Бқ/кг, яки рұқсат етілетін нормадан (3,0 Бқ/кг) төмен екені анықталды. Топырақты гамма-спектрометриялық

болды. Соғысу өнері ғылым мен техникамен қатар қарыштап дамыды. Ғарышты игеруден бастап, жаппай қырып-жоятын ядролық қаруды сынау шындап қолға алынды. КСРО көлемінде мұның барлығын сынайтын әскери полигондар көптеп пайда болды. Қазақстанда осындай әскери құпия нысан 50 жыл бойы жұмыс істеді.

«Радиофобияның ең бірінші себебі – Семей полигоны. 1949-1989 жылдар аралығында 450 ядролық сынақ өткізілді. Атом қаруының жойқын қиратқыш күші құпия сыналды. Осы құпиялық қазақстандықтардың арасында жаппай радиофобияның тарауына себеп болды. Осылайша, біздің ұғыммыз радиациямен байланысты теріс пікір орнығып қалды. Өйткені халқымыздың денсаулығына, ел экологиясына орасан үлкен залал келді. Қанша адам зардап шеккені әлі күнге дейін белгісіз. Белгілісі 1991 жылға дейін сол аймақта 1,3 миллион адам тұрғаны ғана», – дейді Eurasian Expert Council қоғамдық қорының төрағасы Шыңғыс Лепсібаев.

Әскери құпиялықтың салқыны осылайша қоғамдағы радиофобияны тереңдетіп кетті. Сол жылдары ядролық қару жасау мақсатында Қазақстанда жабық қалалар пайда болды. Мәселен, атом өнеркәсібі үшін қажетті уран табылған Ақтау қаласы, ядролық физика ғылымын дамытқан Курчатов, Алатау қалалары бастапқыда стратегиялық әскери нысан ретінде ашылған еді. Аға

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Жақында Қаржылық мониторинг агенттігінің Шымкент қалалық департаменті аса ірі көлемде бюджет қаражатын жымқыруға қатысты қылмыстық іс бойынша тергеу амалдарын аяқтады. Мемлекеттік қызметкер 700 млн теңге көлемінде бюджет қаражатын ұрлаған. Шымкент қаласындағы аудан әкімі аппаратының басшысы, өзінің қызметтік лауазымын пайдаланып, ЖШС директорымен және құрылтайшысымен алдын ала сөз байласу арқылы бюджет қаражатын жымқыру әрекетіне барған.



А Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Күдіктілер қоныс жәшіктері, өткен-шектер, ойын және спорт алаңдары секілді тұрғын үй ауласын абаттандыру жұмыстарын жүргізу үшін материалдардың құнын көтеріп, сметалық құжаттар жасаған. Осы іс-әрекеттердің салдарынан 700 млн теңгеге жуық мемлекеттік мүлік талан-таражға түскен. Серіктестік директоры мен құрылтайшысы декларацияларға жалған мәліметтер енгізу арқылы салық төлеуден жалтарған. Қабылданған шаралар нәтижесінде 194 млн теңгеден астам салық берешегі толық өтелді. Әзірге үкім заңды күшіне енген жоқ.

Сонымен қатар үшінші мегаполисте Шымкент қаласы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаменті басшысының орынбасары Рүстем Танабаев 2024 жылы тіркелген ең ірі пара көлемін атады. Былтыр 10 млн теңгені құрайтын параны Түркістан облысы Цифрландыру департаменті басшысының міндетін атқарушы мемлекеттік сатып алу келісімшарттарын бекітіп, орындалған жұмыстар актісіне кедергісіз қол қою үшін мердігер ұйымдардан алған.

Рүстем Танабаев қылмыс Шымкент қаласында жасалғандықтан бұл іс жергілікті сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің назарында болғанын айтады. Тергеу барысында пара сомасы 10 млн теңгені құрап, ал қызмет көрсету келі-

сімшартының жалпы құны шамамен 280 млн теңге болған. Сот шешімімен шенеунік кінәлі деп танылып, 8 жылға бас бостандығынан айырылған.

Департамент басшылығының мәлімдеуінше, 2024 жылдың 11 айында 108 сыбайлас жемқорлық қылмысы тіркелген. Оның 52-сі – паракорлық, 32-сі – ұрлық, қалғандары – алаяқтық пен қызметтік өкілеттігін асыра пайдалану деректері. Жалпы, былтыр сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін 71 адам сотталған, олардың 49-ы – мемлекеттік орган қызметкерлері.



Департамент басшылығының мәлімдеуінше, 2024 жылдың 11 айында 108 сыбайлас жемқорлық қылмысы тіркелген. Оның 52-сі – паракорлық, 32-сі – ұрлық, қалғандары – алаяқтық пен қызметтік өкілеттігін асыра пайдалану деректері.

«Сыбайлас жемқорлық бойынша ең көп тіркелген салалар қатарында көлік бақылауы, денсаулық сақтау, құқық қорғау органдары, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, спорт, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, цифрландыру, салық, экология, жер мәселелері, мәдениет және құрылыс салалары бар», – дейді Рүстем Танабаев.

Айта кетейік, мемлекеттік сатып алуларды тексеру барысында департамент қызметкерлері былтыр 6 млрд теңгеден астам қаржы үнемдеген.

Сонымен бірге, Шымкент қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит басқармасында жүргізілген тексеру барысында жалпы қолданыстағы заңнама нормаларын бұзудың 59 дерегі, оның ішінде мемлекеттік қызметтің беделін түсіретін құқықбұзушылық белгілері бар 52 бұзушылық дерегі белгілі болған.

Заңбұзушылықтар қатарында қаралып жатқан арыз-шағымдар бойынша шешім қабылдау кезінде жекелеген әлеуетті өнім берушілерге артықшылық беру, келісімшарттарды бір көзден алу тәсілімен негізсіз бекіту, тексеру барысында анық-

талған бұзушылықтар бойынша шаралар қолданбау фактілері бар. Сонымен бірге, хабарламаларды орындамау бойынша шаралар қабылдамау деректері де кездеседі.

Шымкент қалалық Прокуратурасының баспасөз қызметі мәліметінше, ішкі аудит басқармасы жүргізген тексеруде прокурорлық қадағалау актісін қарау қорытындысы бойынша 6 лауазымды тұлға, оның ішінде департамент басшысының орынбасары да тәртіптік жауапкершілікке тартылған.



АТЫРАУДА ТАҒЫ БАЛЫҚ ҚЫРЫЛДЫ

Атырауда тағы да балық қырылып жатыр. Төтенше жағдай Сарыөзек каналында тіркеліп отыр.

А Баян ЖАНҰЗАҚ

«Мен мұндай жағдайды бірінші рет көріп тұрмын. Балықты шұғыл құтқарып, Жайыққа жіберу керек. Бұл жерге тек еріктілердің ғана емес, әскерилердің, әкімдіктің көмегі қажет. Қырылған балыққа алғаш болып көмекке келгендер қатарында «Атырау арнайы автобазасы» және балық күзетінің қызметкерлері болды. Егер мұз қататын болса, олардың бәрі өледі», – дейді осы мәселе турасында алғаш болып дабыл қаққан қала тұрғыны Аслан Омаров.

Әлеуметтік желіде тараған видеодан кейін оқиға орнына арнайы комиссия барды. Олар балықтардың жаппай қырылу дерегін растады. Құрамына Экология департаментінің өкілдері мен Жайық-Каспий облысаралық балық шаруашылығы бассейндік инспекциясының қызметкерлері кірген комиссия шалажансар, тірі балықтарды өзенге жіберу жұмыстарын ұйымдастырып жатыр.

«Жайық–Каспий» облысаралық балық шаруашылығы бассейндік инспекциясы хабарлағанындай, оқиға орнынан 9 500 балық шабағы құтқарылып, Жайық өзеніне жіберілді. Мұз қатып қалғандықтан, өлген балықтарды жинап алу мүмкін болмай отыр. Балық құтқару жұмыстары жалғасуда.

Сарыөзек каналындағы шабақ құтқару жұмысына 50 адам мен 12 техника жұмылдырылды. Атырау облыстық Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Артур Сәдібекұлының сөзінше, Сарыөзек каналының Алматы ауылы тұсында құтқарылған шабақ саны 850 мыңға жетті. Өзек аумағында еріктілер, «Жайық–Каспий» облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының, «Қазусуар» мекемесінің мамандары мен әскерилер шабақтарды құтқарумен айналысуда.

«Тасқыннан кейін Соколок, Сарыөзек каналдары суға толғаны белгілі. Судың деңгейі түскен кезде кішігірім көлшіктерде, арналарда балық шабақтары қалып қойды. Арнайы инспекцияның, «Қазусуар» мекемесінің мамандары, еріктілер мен жергілікті атқарушы орган өкілдері шабақ құтқару жұмысының басы-қасында жүр», – делі Артур Сәдібекұлы.

Эколог Қарлығаш Есжанованың айтуынша, тасқыннан кейін балықтың қырылуы – қалыпты жағдай. «Су тасқыны кезінде судың көлемі күрт өседі. Салдарынан су қоймаларындағы оттегі мөлшері азаяды. Сондықтан балықтар өсірісе жабық су қоймаларында, оттегінің жетіспеушілігінен зардап шегуі мүмкін. Екіншіден, тасқын кезінде су ластанады. Үлкен су ағыны салдарынан химиялық заттар мен қорқытқыштар өзендерге ағып келуі мүмкін. Бұл – балық

үшін қауіпті. Үшіншіден, температураның ауытқуы да бар. Су тасқыны нәтижесінде судың температурасы күрт өзгеруі мүмкін, бұл жағдай балық үшін де стресс және оның өліміне әкелуі мүмкін. Төртіншіден, тасқын су салдарынан балықтардың ұылдырық шашатын жерлерін су басу қаупі күшейеді. Мұндай жағдайлар да балықтың жаппай өліміне алып келеді», – дейді эколог маман.

Су тасқыны биыл көктемде тағы да қайталанатын деп күтіліп отыр. Осы мақсатта Атырау облысында қазір тасқынның алдын алу бойынша жұмыстар жүріп жатыр.

Өткен жылдың аяғында Атырау облысына вице-премьер Канат Бозымбаевтың арнайы келіп кеткені белгілі. Атырау облысына сапарында Канат Бозымбаев Жылыой және Махамбет аудандарында, Құлсары және Атырау қалаларында болып, елді мекендерді тасқын судан қорғау жұмыстарын тексерген еді. Жылыой ауданында Камыскөл көлінің жағалауы нығайтылуда. Жем өзенінің арнасы 23 шақырым және Құрсай каналы 35 шақырымға тереңдетіліп отыр. Сондай-ақ Махамбет ауданында ұзындығы 4,5 шақырым болатын жағалау нығайтылуда. Атырауда қала маңындағы Талғайран, Ақжар және Еркінқала ауылдарында қорғаныс бөгеттері салынууда.

«Казгидромет» мәліметтері бойынша, Атырауда қыс жылы болады. Ессіне, қар көп түседі деп күтілуде. «Сондықтан біз барлық шараны алдын ала қабылдап, ықтимал қауіптерді ескеруіміз керек», – деген еді вице-премьер Канат Бозымбаев.

Сондықтан да экологтар су тасқыны кезінде балықтың жаппай қырылуын болдырмау үшін алдын ала кешенді шаралар қабылдауға шақырып отыр. «Ең алдымен, су айлындарындағы судың сапасы бақылауда болуы керек. Судағы оттегінің деңгейін және су тасқыны кезінде өзендер мен су айлындарындағы оның химиялық құрамының жай-күйін бақылау маңызды. Егер оттегі деңгейі критикалық мөлшерге дейін төмендесе, мұздарды ойып, суға оттегіні жіберу әдістерін қолдануға болады. Сонымен бірге, су айлындарын тазарту және ластанудың алдын алу да маңызды. Су тасқыны қаупі төнген жағдайда балықтар үшін қалыпты өмір сүру жағдайлары бар қауіпсіз жерлерді тауып, арнайы аймақтар құру қажет», – дейді эколог Қарлығаш Есжанова.

Балықтарды құтқару операциясы Атырауда екінші апта бойы жалғасып жатыр. Өкінішке қарай, бұл жайт өңірде жылына бір емес, бірнеше рет қайталанатын табиғи катаклизмге айналып барады. Егер мәселе жергілікті билік тарапынан тиісті назарға алынбаса, бұл жағдай аймақтың экожүйесіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондай-ақ облыстың балық шаруашылығы дамуының тежелуі де ғажап емес.

АҚМОЛАДА ХАЛЫҚ САНЫ НЕГЕ АЗАЙДЫ?

Ел әлеуетінің ең басты әрі маңызды көрсеткіштерінің бірі халық саны мен демографиялық ахуалы екені рас. Бұл тұста халық санының түрлі себептермен азайып жатқан аймақтардың қатары қалың. Ресми деректерге сенсек, елдің он облысында, атап айтқанда, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Жамбыл, Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарында халық санының күрт азаюы байқалған.

А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Ақмола облысы статистикалық департаменттің мәліметтеріне сенсек, аймақтағы халықтың жалпы саны 787 896 адамды құрап, өткен жылдың басына қарағанда біршама азайған. Бұл орайда халық санының табиғи өсімі қалыпты жағдайда, яғни туу мен өлім арасындағы көрсеткіш мәліметтерімен шаққанда 2 839 адамға көбірек болғанымен, басты себеп өңірден көшіп кеткен халықтың көбеюінен болған.

Жайлы өмір сүруді мақсат етіп, бақытын өзге аймақтар мен елдерден іздеген жұрттың қарасы қалың. Тек өткен

жылдың басынан ғана облыс аумағында мыңдаған адам көшіп кеткен. Өңірде әсіресе алтын бесік – ауылдардың ескі бөздей сөгіліп, жаппай үдере көше бастағанын көші-қонның теріс сальдосы көрсетіп тұрған сандар сайрап айтып тұр. Тек жыл басынан бері өңірдегі ауылды жерлердің халқы 5 507 адамға қысқарған. Тұрғындары көшіп кеткен ауылдардың көшін Зеренді ауданы бастаған. Тек осы ауданның өзінде ауылдағы халық саны 1 038 адамға қысқарған.

Облыстық статистикалық департамент мұнымен қоса, өңірдегі халық санының азаюына өткен жылдармен салыстырғанда демографиялық өсудің де айтарлықтай төмендеуі ықпал еткенін растап отыр.

Мәселен, 2023 жылғы Ақмола облысындағы табиғи өсім 3 890 адамды құраса, былтыр тек 2 839 адамға ғана жеткен. Сондай-ақ аймақтағы қайтыс болған адамдардың да өткен жылмен салыстырғанда біршама ұлғайғанын сандық көрсеткіштер айғақтар тұр. 2023 жылы облыс бойынша қайтыс болған адамдар саны 6 202 адамды құраса, 2024 жылы қайтыс болғандар саны 6 435 адамға жеткен.

Статистикалық ведомство сонымен қатар демографиялық жағдайға әсер етуші аса маңызды факторлардың бірі – ажырасу екенін мәлімдеді. Аймақта некелескен жарымен ажырасқандар саны тек бір жылдың ішінде ғана еселеп артып шыға келген. Атап айтқанда, 2023 жылы облыс аумағында 741 отбасының шаңырағы шайқалып ажырасып тынса, 2024 жылы ажырасқандардың жалпы саны 1 526-ға жетіп жығылған. Бұл өз кезегінде өңірдегі халықтың демографиялық жағдайын әлсіретуге аса зор ықпал ететіні сөзсіз.

Қысқаса, аймақтағы статистикалық деректерден халық санының азаюына нақты себепкер болған бірнеше факторды анықтадық. Олардың ішіндегі ең бастысы, ауылды аймақтардан халықтың жайлы



Тек жыл басынан бері өңірдегі ауылды жерлердің халқы 5 507 адамға қысқарған.

қоныс іздеп көшіп кетуі болса керек. Одан кейінгісі жыл санап табиғи халық өсуінің де төмендеп, бала туу көрсеткішінің азайып, керісінше өлім көрсеткішінің артуы халық санының азаюына себепкер болған. Мұнымен қоса, өңірдегі отбасын құрап жаңа шаңырақ болған

жастардың араға аз уақыт салып ажырасып кетуі де демографиялық ахуалдың демігуіне ықпал еткенін аңғардық. Түйткілді мәселені реттеуде құзырлы органдар аталған статистикалық деректерге тереңірек үніліп, тиісті оң шешім қабылдаса екен дейміз...

9 ҚАҢТАР 2025 | БЕЙСЕНБІ

Ақылына ақы сұрамайтын асыл қазына – ол кітап. Алайда кейінгі онжылдықтарда кітаптың орнын ғаламтор алмастыра бастағаны жасырын емес. Бұрнағы кезі кітапханада жүретін жастарды бүгінде компьютердің алдында телміріп отырғанын көресің. Сондай-ақ ұялы телефонға үңіліп, әдеби шығармадан гөрі желідегі жазбаға жаны жақын ұрпақтың дәуірі келді. Бұл әрине заман ағымына қарай қалыптасып жатқан құбылыс екені түсінікті. Бірақ кітап атты құнды қазынаға қалың көпшілікті қалай қайта оралтамыз? Міне, осы мақсатты көздеген Жамбыл облысының әкімдігі 2025 жылды «Кітап оқу жылы» деп жариялады. Алайда басы тәп-тәуір басталған жоба жалаң ұран болып қалмай ма?

КІТАП ОҚИТЫН ЕЛ АҚЫЛДЫ ҰЛТҚА АЙНАЛАДЫ

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

«Әулиеата – кітап оқитын өңір» деп айдарланған жобаға облыс әкімі Ербол Карашөкеев алғаш болып өзі үн қосты. Аймақ басшысы әлеуметтік желідегі жеке парақшасында жанажылдық демалыс кезінде қандай кітаптар оқығанын жазып, көпшілікті кітап оқуға шақырды. «Кітап – рухани азық, жанымыздың шуағы, болашағымыздың бағдары. Биылғы 2025 жылды Жамбыл облысында «Кітап оқу жылы» деп белгілеу – осы құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған қадам.

Жаңа жылдық демалыста мен де уақыт тауып, халқымыздың мақтанышына айналған қабырғалы каламгер Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романын және поэзияның ақ гүлі атанған Күләш Ахметованың «Құт» атты өлеңдер жинағын қайта оқып шықтым.

Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айшасы» – тағдырлы ананың ерлігі мен қайсарлығын бейнелеген ғажап туынды. Романның басты кейіпкері Айша – шексіз мейірімді, ұрпағы үшін барлығына дайын ана. Оның бейнесі арқылы әйелдің рухани биіктігі мен төзімділігі айқын көрініс табады. Роман сонымен қатар қоғамдағы тарихи оқиғалар мен адамдардың тағдырын шынайы түрде көрсетеді. «Ай мен Айша» – адамның жүрегіне әсер етіп, ананың махаббаты мен қайсарлығын терең сезінуге шақыратын терең философиялық туынды.



Кітап оқып шықты. Нәтижесінде, ең көп кітап оқыған оқушыларға ақылдастар алқасының шешімімен 1 миллион теңгеден бастап, түрлі көлемде ақшалай сыйақылар үлестірілді. Бұл жобаға Қазақстанның Еңбек Ері, қазір Мәжіліс депутаты Мұқаш Ескендіров демеушілік жасап, өз қаражаты есебінен 3 миллион теңге берді. Сондай-ақ өңір депутаттары 1 миллион теңге көлемінде демеушілік көрсетті. Осылайша, бір оқу жылында 1500 мектеп оқушысына кемі 20 кітаптан оқытқан едік. Авторлық бұл жобамның басты мақсаты – жастарға кәсіпкер болып ғана емес, білім, оқумен де миллионер атануға болатындығын ұғындыру болатын. Бұл мақсаттама жеттім деп ойлаймын. Себебі сол байқауда жеңімпаз атанған жастардың алды қазір Түркия мемлекетінде білім алуа.

«Кітап оқып, миллионер бол!» жобамды сол кезде Ресей мен Қырғызстан мемлекеттерінің БАҚ өкілдері де жазды. Бір сөзбен айтқанда, көпшіліктің ерекше қызығушылығын тудырды. Биыл Жамбылда «Кітап оқу жылы» деп жарияланып отыр. Неге осы жобаны қайта жандандырмасқа? Ең алдымен он ауданда өткізіп, кейін атық сынын облыс орталығында ұйымдастыруға болады. Ол үшін әр ауданнан 1 миллион теңге жүзде тігетін кәсіпкерлер табылады деп ойлаймын. Бұл бір жағынан жастарды кітап оқуға жігерлендіреді, екінші қырынан рухани баюымызға үлкен жол ашады, – дейді «Кітап оқып, миллионер бол!» жобасының авторы Эльмира Мырза-Ғали.

Шынында бұл ұтымды ұсыныс екен. Мұндай жобаға демеушілер ғана емес, облыстық қазынадан қаржы қараса да артықтық етпейді. Жыл ішінде өтетін түрлі мәдени шараларға бөлінетін қаржының бір бөлігін осы бағытқа бағытаса бұған облыс әкімі де қарсы болмас.

«Кітап оқып, миллионер бол!» жобасының авторы Эльмира Мырза-Ғали қазір басқарып отырған «Анаға тағзым» орталығында да кітап оқуға үндейтін түрлі жобаны жандандыруда. Соңғы үш жыл қатарынан «Анаммен бірге кітап оқимын!» байқауын өткізсе, биыл «Отбасымен бірге оқыған кітап!» жобасын қолға алуа. Осылайша, орталық директоры балаларды ғана емес, олардың ата-аналарын да кітап оқуға насихаттауда.

«Анаммен бірге кітап оқимын!» жобасы арқылы біз ата-ана баласымен бірге кітап оқыса деген мақсатты көздедік. Нәтижесінде өмірі кітап ашаған аналар келіп, жоба үшін алғыстарын айтты. Биыл қолға алынып отырған «Кітап оқу жылы» бос ұрандаған жоба болып қалмауы керек. Оның нақты мақсаты мен мұраты болуы тиіс. Сонда ғана жемісі болады. Бүгінде қатты талқыға түсіп жатқан мәселенің бірі – той мәдениеті ғой. Осы той мәдениетін де кітаппен байланыстыруға болады. Егер той соңындағы тойбастарға кітап берілетін болса қандай тамаша болар еді. Жұырда өзіміздің қуанышымда той соңындағы тойбастарға кітап тараттым. Қонақтар мұндай тосын сыйды керемет қабылдады. Егер осы үрдісті барлық тойда жалғастыра алсақ, ұтармыз көп болары анық, – дейді Эльмира Мырза-Ғали.

Міне, осылайша кітап оқуға үндеп жүрген жанның бірі тың ұсыныстары мен жобаларын айтауда. Енді тек бұған жігерлікті билік өкілдері қолдау білдірсе игі. «Кітап оқып, миллионер бол!» сынды жобаны облыс көлемінде ұйымдастыра алсақ, ертең бұл байқауды республика көлеміне шығаруға жол ашылар ма еді?! Ол кезде жамбылдық жобадан өзге өңірлер де үлгі алары анық. Дәл осындай баянды бастаманың бағдарын айқындауға биылғы «Кітап оқу жылы» сұранып-ақ тұр. Тек облыс әкімдігі тарапынан қолдау мен демеу болса болғаны.

Иә, кітап – адамның жан дүниесінің асыл қазынасы, рухани байлықтың өлшемі, адам интеллектісінің көрінісі. Ол – адамзат үшін ғасырдан-ғасырға жалғасып қызмет етіп келе жатқан ғылым мен өнердің, соның ішіндегі сөз өнерінің туындысы, қаламгердің жемісі.

Әлбетте, кітап оқуға үндеу – ұрпаққа жасалған ұлағатты іс. Алайда заман легіне теледидар ілесіп, қоғам көшіне интернет иелік етіп жатқан тұста көпшілікті кітап оқуға шақыру жалаулаған жобаның бірі болып қалмай ма? Жалпы, бүгінде жастардың кітап оқуға деген ынтасы қандай? Мұны білмеке облыстық әмбебап кітапханаға қайырылдық.

– Қазақ ұлтының ұлы тұлғасы Ғабит Мүсірепов: «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік», – деген. Әрине, кітапты таңдау, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерді өмірлік қажетіне жарата білу әрбір адамның білігі мен білімін, пайым-парасатын анықтайтын алғы шарттардың бірі.

Жалпы, киелі Әулиеата топырағынан талай қарымды каламгерлер тулеп ұшты. Олардың кітаптары сөрелерде шаң басып тұрғаны дұрыс емес. Сондықтан облыс әкімдігі жандандырған жобаны қолдаймыз.

Біздің кітапханада оқырмандарға барлық жағдай жасалған. Бүгінде кітапханаға келушілердің қатары артауда. Енді кітап оқу жылында кітапханаға оқырмандарды көптеп тарту бағытында өзіміз де аянбай еңбек ететін боламыз, – дейді Ш. Уәлиханов атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Эльмира Абдинова.



Күләш Ахметованың «Құт» жинағы болса, өлеңнің қасиетін, сөздің құдіретін сезіндірді. Оны:

«Сүйіктіңдей жүретін кіл есінде,
Кір түсірме ел деген ұлы есімге.
Ата мекен – бақыты бабалардың
Женіп алған сан ғасыр үлесінде...» деген өлең жолдары әр оқырманды туған елді шексіз сүйуге шақырғандай әсер береді.

Әулиеата өңірі – ақын-жазушылардың мекені, сөз өнерінің төрі. Ендеше баршаныңды «Әулиеата – кітап оқитын өңір» жобасы аясында кітап оқуға шақырамын! Уақыт бөліңіз, кітап оқыңыз, рухани байыңыз!

Адамзаттың алыбы Абай: «Артық білім кітапта, Ерінбей оқып көруге...» деп кітаптың құндылығын ерекше атап көрсеткен. Ендеше біз де білім мен руханияттың кілтін кітаптан табайық!», – деп Ербол Шырақпайұлы ұлттық құндылығымыздың ұлы қазынасы кітап екенін баса айтты.

Әрине, мұндай жобалар қос-қолдап қолдауға тұрарлық. «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та: «Шын мәнінде, кітап оқитын ел ғана ақылды ұлтқа айналады. Біз жас ұрпақтың кітапқа деген құштарлығын оятуымыз керек», – деп атап өтуі ұрпаққа ұран болғаны даусыз.

Әлбетте, кітап оқуға үндеу – ұрпаққа жасалған ұлағатты іс. Алайда заман легіне теледидар ілесіп, қоғам көшіне интернет иелік етіп жатқан тұста көпшілікті кітап оқуға шақыру жалаулаған жобаның бірі болып қалмай ма?

Облыс әкімі көпшілікті кітап оқуға шақырғаннан кейін әлеуметтік желіде оқыған кітабы туралы жазба қалдырғандардың қарасы көбейді. Алайда олардың барлығы бірдей сол кітапты оқыды ма, әлде бұл «көштен қалмайық» деген көзбояушылық тірлік па оны тап басып айту қиын. Сондықтан шын мәнінде халықты кітап оқуға, оның ішінде жастарды жігерлендіру үшін қайтпек керек?

– Осыдан бірнеше жыл бұрын «Кітап оқып, миллионер бол!» атты жобаның бойына жан үрлеген едік. Яғни, мектеп оқушыларының арасында ең көп кітап оқыған жасқа 1 миллион теңге көлемінде жүлде белгіледік. Байқауға 1500 мектеп оқушысы қатысып, олар оқу жылы бойы

мет қабылдады. Егер осы үрдісті барлық тойда жалғастыра алсақ, ұтармыз көп болары анық, – дейді Эльмира Мырза-Ғали.

Міне, осылайша кітап оқуға үндеп жүрген жанның бірі тың ұсыныстары мен жобаларын айтауда. Енді тек бұған жігерлікті билік өкілдері қолдау білдірсе игі. «Кітап оқып, миллионер бол!» сынды жобаны облыс көлемінде ұйымдастыра алсақ, ертең бұл байқауды республика көлеміне шығаруға жол ашылар ма еді?! Ол кезде жамбылдық жобадан өзге өңірлер де үлгі алары анық. Дәл осындай баянды бастаманың бағдарын айқындауға биылғы «Кітап оқу жылы» сұранып-ақ тұр. Тек облыс әкімдігі тарапынан қолдау мен демеу болса болғаны.

АЯУЛЫМ мен АБЫЛАЙХАН ТУ ҰСТАЙДЫ

XXXII Қысқы универсиадада Қазақстан құрамасының Туын ұстап шығатын спортшылар белгілі болды.



Аяулым Әмренова – фристайл бойынша ұлттық құраманың үздік спортшыларының бірі. Оның қоржынында 2017 жылғы Еуропа кубогы кезеңдерінің алтын, күміс және қола медальдары бар. Сондай-ақ ол Қазақстан атынан 2018 жылы Пхёнчханға және 2022 жылы Бейжіңде өткен екі Олимпиада ойындарына қатысқан.

Абылайхан Сүлейменов – қазақстандық хоккейдің жұлдызы, «Номад» командасының ойыншысы. Оның спорттық мансабында жастар лигасы, төрт

ұлттық турнир, Қазақстан кубогы, Континенталь кубогы, сондай-ақ АҚШ-та өткен ХХХІ Дүниежүзілік қысқы универсиада бар. Сол универсиадада Қазақстанның хоккей құрамасы үшінші орынды иеленді.

Айта кетейік, биылғы 13-23 қаңтар аралығында Италияның Турин қаласында ХХХІІ Дүниежүзілік қысқы универсиада өтеді. Әлемнің 57 елінен 2000-ға жуық спортшы қатысатын бұл ірі студенттік жарыста 11 спорт түрі бойынша 96 медаль жынтығы сарапка салынады.

ДАНИЛИНА – ШИРЕК ФИНАЛДА

Қазақстанның жұптық сындағы бірінші, әлемнің 23-ракеткасы Анна Данилина Аделаида WTA 500 турнирінің ширек финалына өтті.



америкалықтар Эшлин Крюгер мен Джессика Пегуламен таласады. Бұл жұп жарыстың 1-ракеткалары, тайбэйлік Се Шувэй – латвиялық Елена Остапенконь ұтып кетті – 6:3, 7:5.

Бүгін Аделаида АТР 250 турнирінде Қазақстанның ерлер арасындағы бірінші, әлемнің 33-ракеткасы Александр Бублик рейтингіде 55-орында тұрған сербиялық Миомир Кецмановичке есе жіберді – 4:6, 2:6.

Сондай-ақ осы долада жұптық сында Александр Недовесов нидерландтық Робин Хасемен бірге тартысты матчта чехиялықтар Петр Ноуза – Патрик Риккен ұтылып қалды – 6:1, 6:7 (13:15), 7:10.

Анна Данилина мен Ирина Хромачева жартылай финалға шығу үшін



NUR MEDIA
Media & Publishing
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102
ЖАРНАМА БӨЛІМІ: 8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРATУ БӨЛІМІ: 8(717) 804-41-32
podpiska.alt@gmail.com
Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000
Тапсырыс №4542
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Өлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,